

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. СӘТБАЕВ атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕРДІҢ КАТАЛОГЫ

**5В073700 – «Пайдалы қазбаларды байыту»
мамандығы үшін**

АЛМАТЫ 2015

Академиялық дәреже
Техника және технологиялы бакалаврлар:

2 курс

№	Модулінің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Еңбек қорғау модулі	БПЖ 2.2.5	OT2205	Еңбекті қорғау	3	4
2	Физика модулі	ППЖ 2.2.8	Fiz2201	Физика 2	3	3
3	Физика модулі	ППЖ 2.2.8.1	SGFO2202	Байытудағы физиканың арнаулы бөлімдері	3	3
4	Химико-технологиялық модуль	БПЖ 2.2.12	FizHim2219	Физикалық химия	3	4
5	Химико-технологиялық модуль	БПЖ 2.2..12.1	HimMO 2220	Химиялық байыту әдістері	3	4
6	Химико-технологиялық модуль	БПЖ 2.2.13	HimP 2221	Бетті құбылыстар химиясы	3	4
7	Химико-технологиялық модуль	БПЖ 2.2.13.1	HimP 2222	Флотациялық реагенттер химиясы	3	4
8	Жалпы техникалық модулі	БПЖ 2.2.5	EOE2207	Конструкция негіздері және машина жабдықтары	3	4
9	Жалпы техникалық модулі	БПЖ 2.2.12	Elec2213	Электротехника	3	4
10	Жалпы техникалық модулі	БПЖ 2.2.7	PM2207	Қолданбалы механика	3	4
11	Жалпы техникалық модулі	БПЖ 2.2.6	NGiKG2206	Сызба геометрия және компьютерлік графика	3	4
12	Жалпы кәсіптік дайындау модулі	БПЖ 2.2.11	GOP2214	Байыту процестерінің гидроаэромеханикасы	3	4
13	Жалпы кәсіптік дайындау модулі	БПЖ 2.2.11.1	ATPPI3306	Пайдалы қазбаларды байыту технологияларын автоматтандыру	3	4

OT2205 Еңбекті қорғау - 3 кредит

Пререквизиттер: физика

Оқыту мақсаты: Еңбек қорғау функциялары мен міндеттерін, оның құрамын, мазмұнын, маңызын және басқарудың негізгі қағидаларын қажетті білім алу және дағдылану.

Қысқаша мазмұны: Еңбек қорғау, оның құрамы, мазмұны, маңызы және басқа пәндермен байланысы. Еңбек қорғауды басқарудың жүйесі – оның негізгі қағидалары, нормативті–құқықтық негіздері, функциялары мен міндеттері, психофизиологиялық негіздері. Өндірістік санитария - кәсіпорындары объектітеріне қойылатын санитарлық талаптар, өндірістік бөлмелердің шағын климаты мен жарықтандырылуы, жабдықтардың шуылы мен дірілінен, ауадағы зиянды заттар мен сәулеленуден қорғау. Қауіпсіздік техникасы - өндірістік процестер мен жабдықтарға, тиіп-түсіру жұмыстарына, қысым астында жұмыс істейтін ыдыстар мен жүйелерге,

электр жабдықтарына қойылатын жалпы талаптар. Өрт қауіпсіздігі негіздері – жалпы мәселелер, өрт қауіпсіздігі және қорғау жүйелері.

Күтілетін нәтижелер: студенттер еңбек қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі негіздерінің, қауіпсіздік техникасының негізгі әдістерін меңгеруі қажет.

Постреквизиттер: «Еңбекті қорғау және тіршілікті қауіпсіздендіру» пәнін оқығаннан кейін алатын білім мен дағдылары, техникалық және пайдалы қазбаларды байыту оқу жоспарындағы арнайы пәндерді меңгеруге қажет болып табылады.

Fiz (II) 2301 Физика II - 3 кредит

Пререквизиттер: Fiz(I) 1204

Оқыту мақсаты: студенттердің тұрақты токтың электр тізбектерін негізгі әдістерін меңгеруі; синусоидалы токтың бір фазалы электр тізбектері графикалық модельдері негізінде конструктивті-геометриялық ойлауды дамыту; сызықты емес электр тізбектері, магниттік тізбектер орындауға қажетті білім алып, дағдылану.

Қысқаша мазмұны: Оптика. Сәулелік (геометриялық) оптика туралы түсінік. Жарық толқындардың қасиеттері. Интерференция, дифракция. Заттағы электромагниттік толқындар, жарықтың дисперсиясы, поляризациясы. Кванттық физика. Жылулық сәулелену. Фотондар. Фотоэффект. Комптон эффектісі. Кванттық теориялардың негізгі идеяларын тәжірибе жүзінде тұжырымдау. Корпускулалы – толқындық екі жақтылық. Шредингер тендеуі. Кванттық теориядағы атом және молекула. Өздігінен және ынталандырушы сәулелену.

Күтілетін нәтижелер: студенттер токтың электр және магниттік тізбектерін негізгі әдістерін меңгеруі қажет.

Постреквизиттер: «Физика» пәнін оқығаннан кейін алатын білім мен дағдылары, техникалық және пайдалы қазбаларды байыту оқу жоспарындағы арнайы пәндерді меңгеруге қажет болып табылады.

SGFO 2301.1 Байытудағы физиканың арнаулы бөлімдері - 3 кредит

Пререквизиттер: Fiz (I) 1204

Оқыту мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты: студенттерді физика негіздерімен жалпы физика курсының бағдарламасы көлемінде таныстыру.

Қысқаша мазмұны: Физика курсын оқытудың негізгі міндеттері: студент жалпы физиканың негізгі заңдарын меңгеруге, есептерді шығаруға, теорияны қолдануға тиісті.

«Физика» курсының негізгі тараулары: механика, молекулалық физика және термодинамика, нақты газдар, сұйықтар және қатты денелер, электродинамика, тербелмелі қозғалыстар және толқындар, оптика, кванттық және атомдық физика негіздері, атомдық ядроның және элементарлық бөлшектердің физикасының элементтері болып табылады.

Күтілетін нәтижелер: «Физика» пәнін оқыту нәтижесінде студент: есеп шығарудың қиын жолдарын, эксперимент арқылы қорытындысын шығару, заңдар мен теориялардың, классикалық және қазіргі физиканың ішкі қарым қатынасының негізін білуі керек; шығармашылық ойлау қабілеті мен өзі жұмыс істеуді, компьютер арқылы физиканы модельдеуді, қазіргі ақпараттармен танысып нақты қорытынды шығаруды меңгеруі керек.

Постреквизиттер: пәнді оқығаннан кейін алатын білім мен дағдылары, техникалық және пайдалы қазбаларды байыту оқу жоспарындағы арнайы пәндерді меңгеруге қажет болып табылады.

FizHim2209 Физикалық химия – 3 кредит

Пререквизиттері: химия 1, физика 1

Оқыту мақсаты: - студенттерде, физика–химиялық процестерді оқу үшін теориялық дайындық негізін жасау және ғылыми түсінік қалыптастыру;

- техногенді әсерлерден қоршаған ортаның өзгеруімен байланысты түсінік беру, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешу;

- химия және мұнай химиясы өндірісінің барлық салаларында қолданылатын зерттеулер жүргізудің теориялық және тәжірибелік сұрақтарын меңгеру;

Қысқаша мазмұны: зерттелетін заттың құрам бөліктерін анықтау және оларды зерттеу әдістерін оқу, құрам бөліктерінің санын және олардың сандық қатынастарын өлшеу, анализдеудің химиялық, физика химиялық әдістерін оқу.

Күтілетін нәтижелер: студенттерде заттар мен олардың қоспаларының химиялық құрамын анықтау құралдары мен әдістері туралы білім қалыптастыру.

Студент білу керек: заттардың қасиеті бойынша анализдеу әдістерін классификациялауды, аналитикалық химияға тән сипатты және арнайы реакцияларды, сондай-ақ сандық анализ әдістерін қолдануды;

Студент жасай білу керек: зерттелетін үлгідегі әртүрлі иондардың болуын сандық және сапалық анықтауды, қандай да бір элементті сандық анықтау жүргізу үшін күрделі химиялық қоспаларды бөлуді;

Постреквизиттері: физикалық химиядан алған білім, мына курстарды оқу үшін керек: Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

НімМО2216 Химиялық байыту әдістері–3 кредит

Пререквизиттер: Химия 1, Физхимия, Флотациялық байыту әдістері

Оқыту мақсаты: Пәнді оқытудың негізгі мақсаты – студенттерге пайдалы қазындыларды өңдеуде қолданылатын химиялық байыту әдісінің негізін, процестің мәні, оларда қолданылатын технологиялық схемалар, машиналардың түрлері және сипаттамалары, әртүрлі кендердің өндірістік тәжірибеде қолданылатын технологиялық байыту схемалары туралы білім беру.

Қысқаша мазмұны: Минералдардың таңдамалы химиялық ыдырауының және ерітінділерінің термодинамикасы. Минералдардың химиялық ыдырауының және ерітінділерінің кинетикасы. Сульфатты–пероксидты және оның негізінде жасалған басқа күкірт қышқылды әдістермен ниобийді және танталды бөліп алу. Қиын байытылатын өнімдерден түсті және сирек металдарды автоклавтық үрдістермен бөліп алу технологиясы. Биохимиялық (бактериалды, микробиологиялық) шаймалаумен кендерді және концентраттарды өңдеу. Теңіз конкрецияларынан пайдалы компоненттерді бөліп алу. Химиялық байыту технологияларының дамуының болашағы.

Күтілетін нәтижелер: Сабақты толық аяқтағаннан кейін олар білуге тиісті: негізгі минералдардың аттарымен формулаларын; кеннің түрлерін (құрамындағы компоненттер саны жағынан, олардың пайыздық үлестері және қандай кен түріне жатуы жағынан); кен байытудың қажетін және байытудан алынатын өнімдердің сипаттамаларын; байыту алдында қолданылатын дайындау процестерінің түрлерін, олардың қажеттілігін; химиялық байыту процестерін мәндерін, оларда қолданылатын жабдықтар мен аппараттарды және байыту технологияларын білу.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

НРУа3209 Бетті құбылыстар химиясы – 3 кредит

Пререквизиттер: Химия 1, Физхимия, Флотациялық байыту әдістері

Оқыту мақсаты: Пәнді оқытудың негізгі мақсаты – оқу кезінде студенттер флотациялық процестің негізін түсіну үшін қатты зат қасиеттерін, судың қасиеттерін, флотациялық реагенттердің қажеттігін оқып білулері керек.

Қысқаша мазмұны: Пәнде минералдар беттерінің қасиеттерінің өзгеруінің теориялық негізі, кристалдық құрылымының ерекшеліктері және атом аралық

байланыс түрлері, бет және флотациялық қасиеттерінің өзгеруіне минералдардағы изоморфтық кірмелердің әсерлері, бетте анодты және катодты орталықтардың пайда болуы, адсорбция процестеріне кристалдық тордың энергиясының, жартылай өткізгіштік қасиеттің, суда еруінің, адсорбция түрлерінің (хемосорбциялық және молекулалық), бос бет энергиясының өзгеруі, беттің гидрофобизациялануы және гидрофилизациялануы қаралады.

Күтілетін нәтижелер: Сабақты толық аяқтағаннан кейін олар білуге тиісті:

- Кристалдық тор құрайтын элементтер арасындағы байланыс түрлерін;
- Кристалдарды минералогиялық тұрғыдан сұрыптауды;
- Кристалдарды флотациялық қасиеттеріне қарай сұрыптау;
- Минералдар құрамына кіретін кірмелердің түрлерін;
- Минералдардың жартылай өткізгіштік қасиетін;
- Фазалар арасындағы шекаралықтағы бос бет энергия табиғатын;
- Судың физико-химиялық қасиеттерін;
- Адсорбция процестерінің негізін;
- Реагенттердің минерал бетінде адсорбциялану түрлерін.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

НimFIR2222 Флотациялық реагенттер химиясы – 3 кредит

Пререквизиттер: Химия 1, Физхимия, Флотациялық байыту әдістері

Оқыту мақсаты: Пәнді оқытудың негізгі мақсаты – оқу кезінде студенттер флотациялық процестің негізін түсіну үшін қатты зат қасиеттерін, судың қасиеттерін, флотациялық реагенттердің қажеттігін оқып білулері керек.

Қысқаша мазмұны: Пәнде минералдар беттерінің қасиеттерінің өзгеруінің теориялық негізі, кристалдық құрылымының ерекшеліктері және атом аралық байланыс түрлері, бет және флотациялық қасиеттерінің өзгеруіне минералдардағы изоморфтық кірмелердің әсерлері, бетте анодты және катодты орталықтардың пайда болуы, адсорбция процестеріне кристалдық тордың энергиясының, жартылай өткізгіштік қасиеттің, суда еруінің, адсорбция түрлерінің (хемосорбциялық және молекулалық), бос бет энергиясының өзгеруі, беттің гидрофобизациялануы және гидрофилизациялануы қаралады.

Күтілетін нәтижелер: Сабақты толық аяқтағаннан кейін олар білуге тиісті:

- Реагенттердің классификациясы және олардың қажеттілігі;
- Жинағыш реагентінің формулалары және олардың әрекет ету механизмі;
- Басқыш реагентінің формулалары және олардың әрекет ету механизмі;
- Активтендіргіш реагентінің формулалары және олардың әрекет ету механизмі;
- Ортаны реттегіш реагентінің формулалары және олардың әрекет ету механизмі;
- Көбіктендіргіш реагенттері және олардың қажеттілігін.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

ЕОЕ2207 Конструкция негіздері және машина жабдықтары – 3 кредит

Пререквизиттер: математика, физика

Оқыту мақсаты: Түзу өзектің созылуы және қысылуы. Қалыпты күштер эпюраларын салу.

Қысқаша мазмұны: Қималардағы кернеулер және түзу өзек дифференциялары. Дифференцияның потенциал энергиясы. Материалдардың созылу-қысылу кезіндегі механикалық қасиеттері. Созылу-қысылу кезінде беріктік пен қаттылыққа есептеу. Жазық қималардың геометриялық сипаттары. Ығысу және бұрғылау. Бұраушы моменттер, кернеу мен дифференциялардың эпюраларын салу. Материалдардың таза ығысу кезіндегі механикалық қасиеттері. Бұралу кезіндегі бірлікке және қаттылыққа есептеу. Деформацияның потенциал энергиясы. Иіліс. Иілу кезіндегі қалыпты және

жанама кернеулер. Иілу кезіндегі орын ауыстырулар. Иілу кезіндегі бірлікке және қаттылыққа есептеу.

Күтілетін нәтижелер: студенттер қалыпты күштер эпюраларын салу, қималардағы кернеулер және түзу өзек дифференциялары. негізгі әдістерін меңгеруі қажет.

Постреквизиттер: «Конструкция негіздері және машина жабдықтары» пәнін оқығаннан кейін алатын білім мен дағдылары, техникалық және пайдалы қазбаларды байыту оқу жоспарындағы арнайы пәндерді меңгеруге қажет болып табылады.

EEN2213 Электротехника – 3 кредит

Пререквизиттер: математика 1, математика 2, физика 1

Оқыту мақсаты: студенттердің тұрақты токтың электр тізбектерін негізгі әдістерін меңгеруі; синусоидалы токтың бір фазалы электр тізбектері графикалық модельдері негізінде конструктивті-геометриялық ойлауды дамыту; сызықты емес электр тізбектері, магниттік тізбектер орындауға қажетті білім алып, дағдылану.

Қысқаша мазмұны: Тұрақты токтың электр тізбектері. Синусоидалы токтың бір фазалы электр тізбектері. Үш фазалы тізбектер. Синусоидалы емес электр тізбектері. Өтпелі процестер. Сызықты емес электр тізбектері. Магниттік тізбектер. Айнымалы ток тізбектеріндегі магнит өткізгіштігі бар орауыш. Электрлік және электрлік емес шамаларын өлшеу. Трансформаторлар. Тұрақты токтың электр машиналары. Асинхронды машиналар. Синхронды машиналар. Басқару аппаратуралары мен электр қондырғыларды қорғау.

Күтілетін нәтижелер: студенттер токтың электр және магниттік тізбектерін негізгі әдістерін меңгеруі қажет.

Постреквизиттер: «Электротехника» пәнін оқығаннан кейін алатын білім мен дағдылары, техникалық және пайдалы қазбаларды байыту оқу жоспарындағы арнайы пәндерді меңгеруге қажет болып табылады.

PM 2207 Қолданбалы механика – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 1, физика 1.

Оқыту мақсаты: Механика негіздерін (ұғымдар, теоремалар, заңдар) және оларды іс жүзінде қолдану тәсілдерімен таныстыру; студенттерді материалдар мен конструкция элементтерінің беріктігі туралы ғылым негіздерін меңгеруге, механикалық жүйелерді есептеу және жобалау әдістерін таңдауға, басқа жалпы инженерлік және арнайы пәндерді меңгеруге дайындау; студенттердің өз бетімен ойлау қабілетін жетілдіру.

Қысқаша мазмұны:

Теориялық механика. «Статика» бөлімінде тоғысқан және кез келген жазық күштер жүйелері әсер ететін абсолют қатты денелер жүйесінің тепе-теңдік шарттары, моменттер теориясы және дененің ауырлық орталығын анықтау жолы қарастырылады. «Кинематика» бөлімінде материялық нүкте қозғалысы және дененің әртүрлі (сызықты, айналмалы және жазық-параллель) қозғалыстары геометриялық тұрғыдан қарастырылады. «Динамика» бөлімінде күш әсер ететін материялық нүкте мен дене қозғалысы зерттеледі, олардың қозғалысының негізгі сипаттамаларын анықтайтын жалпы теоремалар қарастырылады.

Материалдар кедергісі. Мәшине бөлшектері мен конструкциялар элементтерін әр түрлі деформациялар (созылу, сығылу, бұралу, иілу) жағдайларында беріктікке, қатаңдыққа есептеудің заманауи тәсілдері, кең таралған конструкциялық материалдардың негізгі механикалық сипаттамалары, жазық қималардың геометриялық сипаттамалары, кернеулі және деформацияланған күйлер теориялары, беріктік болжамдары, күштер әсерінің жалпы жағдайы, статикалық анықталмаған

жүйелерді есептеу принциптері, орнықтылыққа есептеу жолдары, күштердің динамикалық әсеріне есептеу мәселелері қарастырылады.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді меңгеру нәтижесінде студент келесі қабілеттерге ие болады деп есептеледі: механикалық жүйелердің сипаттамаларын тұжырымдау; білімін түрлі облыстарда қолдану; материялық денелердің тепе-теңдігі мен қозғалысзандарына қатысты есептерді шығарудың дағдыларын меңгеру; мәшинелер конструкцияларының элементтерін беріктікке, қатандыққа және орнықтылыққа есептеу. Біліктілік деңгейі мына талаптарға сай болуға тиісті: базалық білімін қолдану; теориялық механиканың негізгі модельдерін және оларды қолдану аясын анықтау; машина және аспаптар конструкцияларының сенімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатында механикалық жүйелердің әртүрлі деформациялар жағдайына қатысты мәселелерді шешуге қабілетті болу; Конструкциялық материалдардың механикалық сипаттамаларын және конструкциялардың қарапайым элементтеріндегі кернеулі-деформацияланған күйлерін тәжірибелік жолмен зерттеу дағдыларын, заманауи сынау мәшинелері мен өлшегіш аспаптарды қолдануға, өз бетінше және топта жұмыс істеу қабілетін көрсете білуге, қарапайым зерттеулер жүргізуге дағдылануға үйренеді.

Постреквизиттер: «Қолданбалы механика» пәнін оқығаннан кейін алатын білім мен дағдылары, техникалық және пайдалы қазбаларды байыту оқу жоспарындағы арнайы пәндерді меңгеруге қажет болып табылады.

NGiKG2206 Сызба геометрия және компьютерлік графика - 3кредит

Пререквизиттер: орта мектеп көлеміндегі бағдарламаға сәйкес математика, геометрия және сызу пәндері, информатика.

Сызба геометрия және инженерлік графика пәнін оқыту мақсаты: студенттердің кеңістіктік пішіндерді жазықтықта бейнелеудің негізгі әдістерін меңгеруі; кеңістік пішіндерінің графикалық модельдері негізінде конструктивті-геометриялық ойлауды дамыту; сызбаларды оқу және орындауға, эскиздерді және жұмыс сызбаларын орындауға қажетті білім алып, дағдылану.

Қысқаша мазмұны: Сызба геометрия және оның негізгі әдісі. Проекциялау әдістері. Аксонометрия. Монж эпюрі. Нүктенің, түзудің және жазықтықтың эпюрлері. Позциялық есептер. Метрикалық есептер. Көпжақтар. Сызбаны түрлендіру әдістері. Қисық сызықтар мен беттер. Беттердің қиылысуы. Беттердің жаймаларын салу. Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі (ҚҚБЖ) туралы түсінік. Мемлекеттік және халықаралық стандарттар. Сызбаларды рәсімдеудің негізгі ережелері. Геометриялық салулар. Кескіндер: көріністер, тіліктер және қималар. Бұрандалар. Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер. Эскиздеу. Құрастырылған бұйымдардың сызбасын орындау. Құрастырылған бұйым сызбасын оқу және тетікбөлшектеу. AutoCAD графикалық жүйесін меңгеру. AutoCAD жүйесінде моделдеу (2D және 3D модель) және сызбаларды орындау.

Күтілетін нәтижелер: студенттер кеңістік пішіндерін жазықтыққа кескіндеу әдістерін меңгеруі қажет. **Білуі керек:** тетікбөлшектердің эскиздерін, жұмыс сызбаларын, құрастыру сызбаларын оқып және тетікбөлшектеудің сызбаларын сызудың теориясын. Сызбаларды және суреттерді орындау үшін AutoCAD графикалық жүйесін білуі керек. Компьютерлік графиканың басқада графикалық жүйелері туралы түсініктері болуы керек. **Меңгеруі қажет:** тетік бөлшектердің эскиздерін және жұмыс сызбаларын, құрастыру сызбаларын, құрастыру сызбаларын оқып және тетікбөлшектеуін орындауға дайын болуы керек. AutoCAD жүйесінде сызбалар мен суреттерді орындау.

Постреквизиттер: «Сызба геометрия және компьютерлік графика» пәнін оқығаннан кейін алатын білім мен дағдылары, техникалық және пайдалы қазбаларды байыту оқу жоспарындағы арнайы пәндерді меңгеруге қажет болып табылады.

GOR2214 Байыту процестерінің гидроаэромеханикасы – 3 кредит

Пререквизиттері: математика 1, математика 2, физика 1, Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

Оқыту мақсаты: студенттерге кен байыту әдістерінде қолданылатын гидроаэромеханикалық процестердің заңдылықтарымен таныстыру. Теориялық білімді баянды ету және маманның квалификациялық сипаттамасына сай процестерді басқаруға және аппараттардың жұмысын реттеуге дағдыландыру.

Қысқаша мазмұны: Бұл пәнде сұйықтықтар мен газдардың физикалық қасиеттері; гидростатика және гидродинамиканың негіздері; дененің ортада қозғалу заңдылықтары (бос және қысыла қозғалу), денелердің қозғалу теңдеуі; сұйықтардың түйіршікті және кеуекті қабаттардан өту (сүзілу) заңдылықтары; екі және үш фазалы жүйелер, суспензиялар туралы қажетті мәліметтер беріледі. Пайдалы қазбаларды байытуда атқарылатын гидроаэромеханикалық процестер келтіріледі. Суспензияны аэрациялау және араластыру процестері беріледі.

Күтілетін нәтижелер: Пайдалы қазбаларды байытуға дайындау процестерінде және нақтылы байыту әдістеріндегі гидроаэромеханикалық процестерінің атқарылу заңдылықтарын игеру. Гидроаэромеханикалық процестері негізінде байыту аппараттарымен машиналардың жұмысына талдау жүргізе білу. Пайдалы қазбаларды байыту кезіндегі гидроаэромеханикалық процестерді оқып білу. Гидроаэромеханиканың қолданбалы есептерін есептей білу.

Постреквизиттері: Гравитациялық байыту әдістері, флотациялық байыту әдістері

АТРОРІ3306 Байыту технология үрдістерінің автоматтандыру-3 кредит

Пререквизиттер: Флотациялық байыту әдістері, Гравитациялық байыту әдістері

Оқыту мақсаты: Басқару жүйелерінің негізі түсініктемелері мен типтік элементтері, математикалық сипаттау әдістері. Басқару жүйелерімен танысу.

Қысқаша мазмұны: Автоматты басқарудың теориялық негіздері. Басқару жүйелерінің негізі түсініктемелері мен типтік элементтері, математикалық сипаттау әдістері. Басқару жүйелері. Беріліс функциялары, жүйелер орнықтылығы. Басқару процесінің сапасы. Реттеу заңдары. Теориялық процестерді автоматты басқару жүйелері (ТПАБЖ). Бақылау жүйелері (концентраттар мен кен шығыны, температураны, қосымды, деңгейді өлшеу) және технологиялық байыту процестерін автоматтандыру (ұсақтау, ұнтақтау, флотация, сепарация, қоюландыру).

Күтілетін нәтижелер: Студенттер бақылау жүйелерін (концентраттар мен кен шығыны, температураны, қосымды, деңгейді өлшеу) және технологиялық байыту процестерін автоматтандыруын (ұсақтау, ұнтақтау, флотация, сепарация, қоюландыру) білу қажет.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

3 курс

№	Модулдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Се-мestr
1	Физика модулі	БПЖ 3.2.22	MSM 3233	Пайдалы қазбаларды байытудың магнитті және арнайы әдістері	3	5
2	Физика модулі	БПЖ 3.2.22/1	МЕМО 3234	Пайдалы қазбаларды байытудың магнитті және электрлі әдістері	3	5

3	Жалпы пәндік дайындау модулі	БПЖ 3.2.17	MiMP3211	Минералогия және пайдалы қазбалардың қоры	3	5
4	Жалпы пәндік дайындау модулі	БПЖ 3.2.17.1	SBM3212	Байыту өндірісінің даму тарихы	3	5
5	Минералды шикізатты 1 өндеу технологиясының модулі	БПЖ 3.2.18	PZUR 3225	Алтын мен уран кендерін өндеу	3	5
6	Минералды шикізатты 1 өндеу технологиясының модулі	БПЖ 3.2.18.1	PPRUS 3226	Уран шикізатының өнімдік ерітінділерін өндеу	3	5
7	Минералды шикізатты 1 өндеу технологиясының модулі	БПЖ 3.2.19	TKiPV 3227	Үйілімде және жерасты ерітінділеу технологиясы	3	5
8	Минералды шикізатты 1 өндеу технологиясының модулі	БПЖ 3.2.19.1	GeoT3228	Геотехнологиялық байыту әдістері	3	5
9	Минералды шикізатты 1 өндеу технологиясының модулі	БПЖ 3.2.20	PRiO 3230	Кен дайындау процестерімен жабдықтар	3	5
10	Минералды шикізатты 1 өндеу технологиясының модулі	БПЖ 3.2.20.1	EROO 3231	Кен дайындау үрдістерінің құрал-жабдықтары	3	5
11	Минералды шикізатты 1 өндеу технологиясының модулі	БПЖ 3.2.21	GMO 3231	Гравитациялық байыту әдістері	3	5
12	Минералды шикізатты 1 өндеу технологиясының модулі	БПЖ 3.2.21.1	PTGO3 232	Пайдалы қазбаларды байыту процестері	3	5
13	Жалпы техникалық модулі	БПЖ 3.2.23	SMiS 3217	Стандарттау, сертификаттау және техникалық өлшемдер	2	6
14	Минералды шикізатты 2 өндеу технологиясының модулі	ПП 3.3.2	PiA 3236	Байыту өндірісінің процестерімен аппараттары	3	6
15	Минералды шикізатты 2 өндеу технологиясының модулі	ППЖ 3.3.2.1	EROO3237	Байыту құрал-жабдықтарын пайдалану және жөндеу	3	6
16	Минералды шикізатты 2 өндеу технологиясының модулі	ППЖ 3.3.3	PPR3340	Полиметалды кендерін өндеу	3	6
17	Минералды шикізатты 2 өндеу технологиясының модулі	ППЖ 3.3.4	TOGHS 3341	Тау-кен химиялық шикізаттың байыту	3	6
18	Минералды шикізатты 2 өндеу технологиясының модулі	ППЖ 3.3.4.1	TPU3342	Уран кендерін және концентраттарды өндеу технологиялары	3	6
19	Минералды шикізатты 2 өндеу технологиясының модулі	ППЖ 3.3.5	SiKMO3345	Арнайы және қиылысты байыту әдістері	3	6

MSMB 3218.1 Пайдалы қазбаларды байытудың магнитті және арнайы әдістері - 3 кредит

Пререквизиттер: Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

Оқыту мақсаты: студенттерге магнитті және арнаулы байыту әдістерінің негізін үйрету. Процестің әртүрлі әдістермен таныстырып, оларды қолдануға дағдыландыру. Оқу кезінде студенттер процесс туралы, концентраттарды алу жолдары, қолданылатын әдістерді, процестің оңтайлау параметрінің жоғары мәнін табуды оқып білулері керек.

Қысқаша мазмұны: Шикізат сапасын жоғарылату және пайдалы минералдарды бөлу үшін оны магниттік және арнаулы байыту әдістерімен, қолмен және автоматты сұрыптау білу. Байытылуы қиын минералды шикізатты қиылысты процестерді қолданып өңдеу (байыту және металлургия). Негізгі метал үлесіне қарай сапалы, бірақ кірмелері жоғары концентратты сапаландыру. Пиро- және гидрометаллургиялық операцияларды қолданып байыту әдістерімен алынған коллективті концентраттарды өңдеу.

Күтілетін нәтижелер: Қолмен және автоматты талдау, магнитті байыту әдісінің негізімен танысу, магниттік байыту әдісінде қолданылатын машиналардың конструкцияларын, жұмыс істеу ерекшеліктерін оқып білу, арнаулы байыту әдісімен кенді өңдеуді, әртүрлі кен түрлерінің арнаулы байыту әдісімен байыту технологияларын білу.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

МЕМО3234 Магниттік және электрлік байыту әдістері - 3 кредит

Пререквизиттер: Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

Оқыту мақсаты: студенттерге магнитті және электрлі байыту әдістерінің негізін үйрету. Процестің әртүрлі әдістермен таныстырып, оларды қолдануға дағдыландыру. Оқу кезінде студенттер процесс туралы, қолданылатын әдістерді, процестің оңтайлау параметрінің жоғары мәнін табуды оқып білулері керек.

Қысқаша мазмұны: Шикізат сапасын жоғарылату және пайдалы минералдарды бөлу үшін оны магниттік және электрлі байыту әдістерімен өңдеу. Байытылуы қиын минералды шикізатты қиылысты процестерді қолданып өңдеу (байыту және металлургия). Негізгі метал үлесіне қарай сапалы, бірақ кірмелері жоғары концентратты сапаландыру. Магнитті және электрлі байыту әдістерінің қолданып кенді концентраттарға және қалдықтарға бөлу.

Күтілетін нәтижелер: Магнитті және электрлік байыту әдістерінің негізімен танысу, магнитті және электрлік байыту әдістерінде қолданылатын машиналардың конструкцияларын, жұмыс істеу ерекшеліктерін оқып білу, арнаулы байыту әдісімен кенді өңдеуді, әртүрлі кен түрлерінің магнитті және электрлік байыту әдістерімен байыту технологияларын білу.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

МiMP 3211 Минералогия және пайдалы қазбалардың қоры - 3 кредит

Пререквизиттері: химия 1, математика 1, физика 1

Оқыту мақсаты: Оқу мақсаты – минералдардың жаратылыс тарихын білу; эндогенді, экзогенді және метаморфогенді процестер; жер астында, қыртысында элементтердің орналасу заңдылықтары; кристалл торларының ерекшеліктері; минералдардың негізгі қасиеттері және саралануы. Негізгі пайдалы қазбалар кен орындары.

Қысқаша мазмұны: Пәнде: байыту процестерінде кездесетін негізгі терминдер, өңдеуге берілетін шикізат түрі, пайдалы қазбаларды қазып алу, оны өндіру, минералдар құрамы толықтай қамтылған.

Күтілетін нәтижелер. Химиялық және физикалық қасиеттеріне қарай минералдардың саралануы; минералдардың экзогенді және метаморфогенді процестерде өзгеру сипаттамалары; негізгі минералдардың байыту процестеріне қатысты қасиеттері. Пайдалы қазбалар кен орындарының саралануы.

Постреквизиттері: Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

SBM3212 Байыту өндірісінің даму тарихы - 3 кредит

Пререквизиттері: химия 1, математика 1, физика 1

Оқыту мақсаты: Оқу мақсаты – минералдардың жаратылыс тарихын білу; эндогенді, экзогенді және метаморфогенді процестер; жер астында, қыртысында элементтердің орналасу заңдылықтары; кристалл торларының ерекшеліктері; минералдардың негізгі қасиеттері және саралануы. Негізгі пайдалы қазбалар кен орындары.

Қысқаша мазмұны: Пәнде: байыту процестерінде кездесетін негізгі терминдер, өңдеуге берілетін шикізат түрі, пайдалы қазбаларды қазып алу, оны өндіру, минералдар құрамы толықтай қамтылған.

Күтілетін нәтижелер. Химиялық және физикалық қасиеттеріне қарай минералдардың саралануы; минералдардың экзогенді және метаморфогенді процестерде өзгеру сипаттамалары; негізгі минералдардың байыту процестеріне қатысты қасиеттері. Пайдалы қазбалар кен орындарының саралануы.

Постреквизиттері: Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

PZUR3203 Алтын мен уран кендерін өңдеу- 3 кредит.

Пререквизиттер: Химия , Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

Оқыту мақсаты: студенттерге алтын мен уран байыту фабрикаларында атқарылатын байыту үрдістерінің теориялық және тәжірибелік, зертханалық негіздерімен таныстыру. Осы мәліметтер арқылы технологиялық үрдістерді реттеу және бақылау жолдарымен таныстыру

Қысқаша мазмұны: Алтын кендерінің заттық құрамы. Металлургиялық және байыту операциялары арқылы алтын кендерінің өңделу технологиясы. Аффинаж. Мыс және мырыш концентраттарын өңдеуде алтынды қосымша бөліп алу. Құрамында алтыны бар қайта пайдаланатын шикізатты өңдеу технологиясы. Алтын құрамды шикізатты өңдеудегі экологиялық қағидалар. Уран кендерінің заттық құрамы. Уран кендерін өңдеу технологиясы. Аффинаж. Уран шикізатын өңдеуде сирек металдарды қосымша бөліп алу. Уран шикізаттарын өңдеудегі экологиялық аспектілер.

Күтілетін нәтижелер: студенттерге алтын және уран кендерін байыту негіздері туралы, кен құрамындағы минералды шикізаттарды толық және кешенді түрде пайдалануға оны байытудың маңызы туралы, байытуда қолданылатын процестер мен аппараттар туралы оқу жоспары мен және квалификациялық сипаттамаға сай білім алу

Постреквизиттері: Уран шикізатының өнімдік ерітінділерін өңдеу, Жер асты және үйінді шаймалау технологиясы

PPRUS3310 Уран шикізатының өнімдік ерітінділерін өңдеу

Пререквизиттер: Алтын және уран кендерін өңдеу

Оқыту мақсаты: студенттерге уран шикізатын байыту технологиясының процестерінің негізгі түрлерінің теориялық және тәжірибелік жақтарын жете түсінуге және оларды іс жүзінде қолдануға дағдылануды көздейді.

Қысқаша мазмұны: Кеннен уранды сілтілеу әдісімен алу өнімдік ерітінділердің құрамы. Өнімдік ерітінділерді өңдеуде қолданылатын сорбенттер. Өнімдік ерітінділерді өңдеудің сорбциялық технологиясы. Тауарлық десорбаттардан уранды бөлу және концентрациялау. Ақырғы өнімдерді тасымалдау шарттары. Өнімдік ерітінділерді өңдеудің технологиялық схемалары. Өнімдік ерітінділерді өңдеудің экологиялық аспектілері.

Күтілетін нәтижелер: уран кендерін байыту негіздері туралы, кен құрамындағы минералды шикізаттарды толық және кешенді түрде пайдалануға оны байытудың маңызы туралы, байытуда қолданылатын процестер мен аппараттар туралы мәліметтерді, пәнді оқу кезінде әр студент Қазақстан жер қойнауындағы уран

кендерінің заттық құрамымен және оларды өндеуде қолданылатын байыту және гидрометаллургиялық технологияларымен танысады.

Постреквизиттері: Жер асты және үйінді шаймалау технологиясы

ТКРV3206 Үйілімде және жерасты ерітінділеу технологиясы- 3кредит

Пререквизиттер: Физхимия, Уран шикізатының өнімдік ерітінділерін өндеу

Оқыту мақсаты: студенттерге уран шикізатын байыту технологиясының процестерінің негізгі түрлерінің теориялық және тәжірибелік жақтарын жете түсінуге және оларды іс жүзінде қолдануға дағдылануды көздейді.

Қысқаша мазмұны: Шаймалау кезіндегі металдардың еру процестерінің физика-химиялық негіздері. Шаймалауда қолданылатын шикізаттың табиғи қасиеттері. Шаймалау кезіндегі гидродинамикалық режимдер. Шикізатты шаймалау процесіне дайындау. Металдарды үйінділеп және жерасты шаймалау. Өнімдік ерітінділерді өндеу, бактериалды-химиялық жерасты және үйінділеп шаймалау. Шаймалау процестерін қолданудың және дамытудың болашағы. үйінділеп шаймалау және жерасты шаймалау технологияларының экологиялық аспектілері.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқып, нәтижесінде студент төмендегілерді білуі қажет:

- студенттерге уран кендерін байыту негіздері туралы, кен құрамындағы минералды шикізаттарды толық және кешенді түрде пайдалануға оны байытудың маңызы туралы, байытуда қолданылатын процестер мен аппараттар туралы оқу жоспары мен және квалификациялық сипаттамаға сай білім беру.

- пәнді оқу кезінде әр студент Қазақстан жер қойнауындағы уран кендерінің затты құрамымен және оларды өндеуде қолданылатын байыту және гидрометаллургиялық технологияларымен танысады.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

ГеоТ3228 Геотехнологиялық байыту әдістері – 3 кредит

Пререквизиттер: Химия 1, Физхимия, Флотациялық байыту әдістері

Оқыту мақсаты: студенттерге пайдалы қазындыларды химиялық байыту арқылы өндеуде қолданылатын ең көп тараған физико-химиялық негізі, процестің мәні, оларда қолданылатын технологиялық режимдер, схемалар, машиналардың түрлері және сипаттамалары, әртүрлі кендердің өндірістік тәжірибеде қолданылатын технологиялық байыту схемалары туралы білім беру.

Қысқаша мазмұны: Пәнде пайдалы қазбаларды қазудың геотехнологиялық әдістері, сол сияқты бөлінетін пайдалы компоненттерді қозғалмалы күйге келтірудің мүмкіндігін анықтау мақсатымен пайдалы қазбалардың және тау жыныстарының қасиеттерін сипаттау оқылады. Геотехникалы процестердің физико-химиялық негізі қаралады. Уранның, алтынның, марганецтің, темір кендерінің және металсыз пайдалы қазбалардың геотехнологиялық өндеу сұлбалары, сол сияқты геотехнологиялық өнімдерді өндеу процестері оқылады. Пайдалы қазбаларды геотехнологиялық байыту әдістерінің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілері қарастырылады.

Күтілетін нәтижелер: Геотехнология байыту әдістерін негізі, қажеттігін білу, байыту жолдарын білу, байыту схемаларының ерекшеліктерін білу, әртүрлі кен түрлерінің технологияларын білу

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

РАОР3230 Кен дайындау процестері және жабдықтар – 3 кредит.

Пререквизиттер: Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

Оқыту мақсаты: студенттерге кен байыту фабрикаларында атқарылатын кен дайындау үрдістерімен, және сондай-ақ жабдықтарының теориялық және

тәжірибелік негізімен таныстыру. Осы мәліметтер арқылы технологиялық үрдістерді реттеу және бақылау жолдарымен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: Байыту фабрикаларына кен дайындау операцияларының орны мен рөлі анықталған. Кен дайындау процестерінің технологиясы және жабдықтары сипатталған. Минералды заттың гранулометриялық құрамын анықтау сұрақтары, кен дайындауда қолданылатын схемалар және кеңінен пайдаланылатын жабдықтар – електер, ұсатқыштар, диірмендер келтірілген. Оларды таңдаудың және есептеу жолдары келтірілген. Жаңа ұсатқыштар және диірмендер туралы қысқа мәліметтер. Кен байытуға дайындаудың технологиялары мен техникалық даму бағыттары келтірілген.

Күтілетін нәтижелер: студенттерге кен дайындау үрдісімен таныстыру, студенттерді бүкіл кен дайындау үрдісінің өркендеу этаптарымен таныстыру, қолданылатын жабдықтардың негізгі құрылымымен таныстыру, саланың дамуын қарастырғанда техникалық әдебиеттермен жұмыс істей білуді жетістіру

Постреквизиттері: Гравитациялық байыту әдістері, Флотациялық байыту әдістері

EROO3231 Кен дайындау үрдістерінің құрал-жабдықтары– 3 кредит.

Пререквизиттер: Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

Оқыту мақсаты: пәнді оқытудың мақсаты - кен байыту өндірісте қолданылатын жабдықтарды жинастыру, орнату, пайдалану және жөндеу туралы теориялық білім дағдысы бар студентті дайындау болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Кен байыту процестерінде қолданылатын технологиялық жабдықтардың қамтамасыздандырудың маңыздылығы. Машиналарды және құрал-жабдықтарды пайдалану және жөндеу. Машиналардың және құрал-жабдықтардың тозуы. Тозған тетіктерді іске келтірудің әдістері. Жабдықтарды бөлшектеу, жинау процестерінің негізгі қағидалары. Үйкеліс және майлау туралы негізгі түсініктер. Жабдықтарды жөндеуді ұйымдастыру.

Күтілетін нәтижелер: пәнді оқу негізінде, студент кен байыту саласында қолданылатын негізгі және көмекші жабдықтар туралы түсініктерді білу қажет.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

GMB 3218.5 Гравитациялық байыту әдістері -3 кредит

Пререквизиттер: Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

Оқыту мақсаты: студенттерге гравитациялық байыту әдістерінің теориялық және тәжірибелік негіздерін біліп меңгеруіне бағытталған. Қолданылатын технологиялық процестерді және ондағы аппараттарды игеру.

Қысқаша мазмұны: Пәнде гидравликалық сұрыптау ауыр орталарда байыту, отсадкалау, минералды түйіршіктердің қозғалуы және көлбеу бетінен ағатын су ағынында байыту процестері қарастырылады. Осы процестердің технологиялық негіздері беріледі. Қолданылатын технологиялық жабдықтардың конструкциялары және жұмыс істеу принциптері келтіріледі. Негізгі аппараттардың жұмысын реттеу, олардың өнімділігін есептеу, сонымен қатар гравитациялық технологиялық байыту схемаларын және гравитациялық процестердің тиімділігін есептеу жолдары қаралады.

Күтілетін нәтижелер: гравитациялық байыту әдістері пәнінің өткеннен кейін студент пайдалы қазбаларды байыту саласында гравитациялық байытудың орының және атқаратын рөлін, гравитациялық процестерінің теориялық негіздерін білу қажет.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

PTGO3232 Пайдалы қазбалардың байыту әдістері - 3 кредит

Пререквизиттер: Химия , Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

Оқыту мақсаты: Оқу кезінде студенттер кен және минералдар туралы, олардың қасиеттерін білу негізінде бір бірінен бөлу әдістерін, қолданылатын негізі жабдықтардың түрлерін, процестердің мәнін оқып білулері керек.

Қысқаша мазмұны: Пәнде кенді байытуға дайындау процестерінің маңызы, ұсату және ұнтақтау схемаларында қолданылатын аппараттардың конструкцияларының ерекшеліктері, әрбір байыту процестерінің теориялық негіздері, олардағы қолданылатын аппараттардың конструкциялары, олардың жұмысын реттеу, сол арқылы технологиялық көрсеткіштерді жоғарлату жолдары, қосымша қолданылатын көмекші процестердің сипаттамалары (сусыздандыру құрғату), олармен қатар кенді, өнімдерді сынамалау әдістері, технологиялық байыту көрсеткіштерді есептеу қаралады.

Күтілетін нәтижелер: Сабақты толық аяқтағаннан кейін олар білуге тиісті: негізгі минералдардың аттарымен формулаларын; кеннің түрлерін (құрамындағы компоненттер саны жағынан, олардың пайыздық үлестері және қандай кен түріне жатуы жағынан); кен байытудың қажетін және байытудан алынатын өнімдердің сипаттамаларын; байыту алдында қолданылатын дайындау процестерінің түрлерін, олардың қажеттілігін; байыту процестерін, мәндерін, оларда қолданылатын жабдықтар мен аппараттарды, көмекші процестерді және олардың қажеттілігін, аппараттар жұмыстарын реттей білуді.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

SSTO3217 Стандарттау, сертификаттау және техникалық өлшеулер – 2 кредит

Пререквизиттер: математика 1, физика 1

Оқыту мақсаты: Мемлекеттік, мемлекетаралық және халықаралық дәрежедегі стандарттау, метрология және сертификаттау жүйелері.

Қысқаша мазмұны: Мемлекеттік, мемлекетаралық және халықаралық дәрежедегі стандарттау, метрология және сертификаттау жүйелері. Сапа жүйесін сертификаттау. Өнім сапасын басқару жүйесі, оны қолдану мен өндіру. Техникалық регламенттер талаптарының, стандарттау бойынша стандарттар мен құжаттардың сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалау жасау. Өнімнің сапасы және тұтынушының құқығын қорғау. Метрологиялық қамтама жайында түсінік. Өлшеу тұтастығын қамтамасыз етудің құқықтық негіздері. Мекемедегі метрологиялық қызметінің құрылымы мен функциялары.

Күтілетін нәтижелер: студенттерге стандарттау, метрология және сертификаттау жүйелері негіздері туралы, өнім сапасын басқару жүйесі, оны қолдану мен өндіру маңызы туралы, мекемедегі қолданылатын метрологиялық қызметінің құрылымы мен функциялары туралы оқу жоспары мен және квалификациялық сипаттамаға сай білім алу.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау, Полиметал кендерін өндеу

PAD 3236 Байыту өндірісінің процестері мен аппараттары - 3 кредит

Пререквизиттер: Химия 1, Пайдалы қазбаларды байыту негіздері

Оқыту мақсаты: Оқу кезінде студенттер кен және минералдар туралы, олардың қасиеттерін білу негізінде бір бірінен бөлу әдістерін, қолданылатын негізі жабдықтардың түрлерін, процестердің мәнін оқып білулері керек.

Қысқаша мазмұны: Пәнде кенді байытуға дайындау процестерінің маңызы, ұсату және ұнтақтау схемаларында қолданылатын аппараттардың конструкцияларының ерекшеліктері, әрбір байыту процестерінің теориялық негіздері, олардағы қолданылатын аппараттардың конструкциялары, олардың жұмысын реттеу, сол арқылы технологиялық көрсеткіштерді жоғарлату жолдары, қосымша

қолданылатын көмекші процестердің сипаттамалары (сусыздандыру құрғату), олармен қатар кенді, өнімдерді сынамау әдістері, технологиялық байыту көрсеткіштерді есептеу қаралады.

Күтілетін нәтижелер: Сабақты толық аяқтағаннан кейін олар білуге тиісті: негізгі минералдардың аттарымен формулаларын; кеннің түрлерін (құрамындағы компоненттер саны жағынан, олардың пайыздық үлестері және қандай кен түріне жатуы жағынан); кен байытудың қажетін және байытудан алынатын өнімдердің сипаттамаларын; байыту алдында қолданылатын дайындау процестерінің түрлерін, олардың қажеттілігін; байыту процестерін, мәндерін, оларда қолданылатын жабдықтар мен аппараттарды, көмекші процестерді және олардың қажеттілігін, аппараттар жұмыстарын реттей білуді.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

EROO3237 Байыту құрал-жабдықтарын пайдалану және жөндеу - 3 кредит

Пререквизиттер: Математика (I), Математика (II), Физика (II)

Оқыту мақсаты: пәнді оқытудың мақсаты - кен байыту өндірісте қолданылатын жабдықтарды жинастыру, орнату, пайдалану және жөндеу туралы теориялық білім дағдысы бар студентті дайындау болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Пәнде байыту фабрикаларын сумен, ауамен қамтамасыздандыратын аппараттардың құрылысы және оларды пайдалану жолдары, атқарылатын жүк тасымалдау процестерімен қатар, шикізат пен байыту өнімдері сақталатын қойма шаруашылығы қарастырылады. Негізгі технологиялық байыту процестері мен қосалқы шаруашылықтардың өзара байланыстары келтіріледі. Қосалқы шаруашылықтың құрылымы мен онда қолданылатын қосымша жабдықтарды есептеу және таңдау әдістемелері қаралады.

Күтілетін нәтижелер: пәнді оқу негізінде, студент кен байыту саласында қолданылатын негізгі және көмекші жабдықтар туралы түсініктерді білу қажет.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

ROP3340 Полиметалды кендерін өндеу –3 кредит

Пререквизиттер: Флотациялық байыту әдістері, Гравитациялық байыту әдістері

Оқыту мақсаты: полиметалды кендердің негізгі типтерімен танысып, олардың затты және минералогиялы құрамдарын білу, ауыр түсті металдардың сульфидті және тотықты минералдарының флотациялық қасиеттерін білу және технологиялық сызбаларымен танысып, регенттік режимдерді оқып білу.

Қысқаша мазмұны: Полиметалды кендердің типтері және зат-минералды құрамдары. Ауыр түсті минералдардың сульфидті және тотықты минералдарының флотациялық қасиеттері. Флотациялау сұлбаларын таңдауда пайдалы минералдардың сепкілдік сипаттамасының маңызы. Мыс-қорғасынды және мыс-мырышты кендерді флотациялауда мыстың туынды сульфидтерінің маңызы. Флотациялау схемаларының түрлері (селективті, коллективті және коллективті-селективті, құм және шламды фракцияларды жеке флотациялау). Әр қайсысының кемшіліктері және артықшылықтары. Коллективті мыс-қорғасын, мыс-мырыш және мыс-молибден концентраттарын бөлу әдістері. Гравитация-флотациялық сұлбаларды кешенді пайдалану. Негізгі реагенттердің – жинағыштар, активтендіргіштер және басқыштар-сипаттамалары, қолдану орындары. Сульфидтерді және тотықтарды жеке флотациялау.

Күтілетін нәтижелер: Ауыр түсті металдар минералдарының флотациялық қасиеттерін жете түсіну. Селективті және коллективті технологиялық сызбаларда қолданылатын реагенттердің әрекеттерін біліп тиімді технологияны таңдап білу.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

OGHS3341 Тау-химиялық шикізатты байыту-3кредит

Пререквизиттер: Флотациялық байыту әдістері, Гравитациялық байыту әдістері

Оқыту мақсаты: Пәнде тау-кен химиялық шикізаттың өңдеу технологиясы, қолданылатын жабдықтар, өңдеу схемаларын таңдау және техника-экономикалық көрсеткіштерді бағалау жолдары қарастырылған.

Қысқаша мазмұны: Тау-кен химиялық шикізаттарына және оның қорына жалпы сипаттама берілген. Тау-кен химиялық кендердің типтері және зат-минералды құрамдары. Технологиялық схемаларының түрлері. Әр қайсысының кемшіліктері және артықшылықтары. Байыту өнімдеріне қойылатын талаптар. Қазіргі кездегі тау-кен шикізаттарын өңдеу технологиясының даму жағдайы және келешегі келтірілген.

Күтілетін нәтижелер: Тау-кен химиялық шикізаттарының минералдарының қасиеттерін жете түсіну. Технологиялық сызбаларда тиімді технологияны таңдап білу.

Постреквизиттері: Байыту фабрикаларды жобалау

TPURK3342 Уран кендерін және концентраттарды өңдеу технологиялары - 3 кредит

Пререквизиттер: Физхимия

